

Алғы сөз

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен Ауғанстан Ислам Республикасына гуманитарлық көмек көрсету мақсатында мемлекеттік бағдарлама жасалынып әзірленген болатын. Осы бағдарлама негізінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 2010 жылдан бастап 77 ауған жастары білім ала бастады. Биылғы жылы олардың саны 200-ге жетті.

ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің алдына қойған негізгі мақсаттарының бірі- ауған тыңдаушыларына ең алдымен қазақ тілін үйрету, қазақтың тарихы, салт-дәстүрлері, мәдениетімен таныстыру. Оларды негізгі төрт пән бойынша жоғары оқу орындарына түсуге даярлау.

Шетел азаматтарын оқытудағы тағы бір мақсат-тіл үйренушінің сөздік қорын молайту, ойлау қабілетін дамыту, қазақ тілінде еркін сөйлеуге үйрету. Ұсынылып отырған көмекші оқу құралы шетел азаматтарын оқыту тұжырымдамалары мен әдістемесін негізге ала отырып құрастырылған. Оқу құралында лексикалық тақырыптар мен грамматикалық материалдар өзара байланыстырылып берілген. Сондай-ақ әртүрлі ситуацияларға байланысты тапсырмаларға, олардың мазмұны мен құрылымына ерекше мән берілген. Айталық, «Менің елім – Қазақстан», «Туған жер», «Ұлттық ойындар», Ұлттық мерекелер, «Ұлттық киімдер» т.б тақырыптар сөйлеу дағдысын жетілдіріп қана қоймай, тыңдаушының дүниетанымдық, сонымен қатар елтану ой-өрісін де кеңейте түсетіні сөзсіз. Лексикалық тақырыптардың соңында берілген сұрақтар мен тапсырмалар тыңдаушының әңгімелеп беру, сөйлеу дағдысын дамытады.

Бірінші сабақ

Жалпы сұрақ –ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе сұраулық шылаулары арқылы жасалады. Сұраулық шылаулар бөлек жазылғанымен, дыбыс үндестік заңына бағынады.

дауысты дыбыстар немесе р, й, л, у -ма/-ме Тақта ма? Үстел ме?
ж, з, м, н, ң, -ба/-бе Қалам ба? Еден бе?
қатаң дауыссыздар -па/-пе Сызғыш па? Есік пе?

- Мынау кітап па? - Иә, бұл кітап.
- Мынау дәптер ме? - Жоқ, бұл дәптер емес, ол-кітап.
- Мынау мұғалім бе? - Иә, ол – мұғалім.
- Анау дәрісхана ма? - Жоқ, ол дәрісхана емес, ол – бөлме.

1-жаттығу. Сұраулы сөйлемдерге жауап беріңіздер. Дауыс ырғағына назар аударыңыздар.


Үлгі: - Мынау терезе ме?

- Иә, бұл-терезе.
- Мынау сенің қарындашың ба?
- Жоқ, бұл менің қарындашым емес.

Бұл компьютер ме?



Бұл әткеншек пе?



Бұл тіс дәрігері ме?

**2-жаттығу. Зат есімнің тәуелдік жалғауларына назар аударыңыз.
Болымды/ болымсыз түрде жауап беріңіз.**

- Мынау сенің сөмкең бе?
- Бұл сенің ұялы телефоның ба?
- Мынау сендердің бөлмелерің бе?
- Сенің жасың жиырмада ма?
- Тақта қара ма, әлде жасыл ма?
- Мына гүл әдемі ме?
- Сен оқушысың ба, әлде студентсің бе?
- Сенің бөлмең таза ма, лас па?

3-жаттығу. Сөздерді дұрыс оқып, көп нүктенің орнына –ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе сұраулық шылауларының тиістісін қойып, көшіріп жазыңыз.

*Таза...? Биік...? Қабырға...? Сары... ?Әйнек...?Сурет...?Ақ... ?Кең...?Ұзын... ?
Жарық...?Қараңғы...?Әдемі...? Үлкен...? Кішкентай...?Қала....? Ауыл...?
Кино... ?Концерт...? Алыс... ?Жақын...?*

4-жаттығу. Дәрісханадағы заттарды пайдалана отырып, сұхбат құрыңыздар.

Үлгі: - Мынау бор ма? Иә, бұл – бор.

- Дәрісхана кең бе? Жоқ, дәрісхана кең емес, тар.

5-жаттығу. Ма, ме, ба, бе, па, пе сұраулық шылауларының тиістісін қойып жазыңыз:

Үлгі: Мынау шүберек пе, қағаз ба?

1. Мынау ақ ..., қара ...? 2. Мынау айна..., тарақ...? 3. Мынау үлкен..., кішкене...?
4. Анау кітап жұқа..., қалың ...? 5. Мынау ыстық, суық? 6. Мынау таза....., лас....? 7. Анау он..., он үш...?

Лексикалық тақырып

Мына сөздерді біліп алыңыз!

Хатшы

Деканат

Сабақ кестесі

Қарама-қарсы

орналасу

1. Мәтінді оқыңыз.

Мынау Масанчи көшесі. Осы көшеде біздің факультетіміз орналасқан. Қазір мен сабақта отырмын. Жаттығу қиын емес. Жаттығуда мынандай сұрақтар бар: «Қазір сіз қайда отырсыз?», «Кеше қайда бардыңыз?» Оқытушы сұрақтарды дауыстап оқыды, ал мен жауап бердім: Қазір мен факультетте, дәрісханада отырмын. Кеше мен кітапханаға бардым.

Диалогтарды оқып, жаттығыңыз.

1.

- Қайырлы таң!
- Қайырлы таң!
- Сізден сұрауға бола ма?
- Сұраңыз.
- Кешіріңіз, хатшы қайда?
- Деканатта.
- Ал деканат қайда?
- Деканат үшінші қабатта.
- Рахмет. Сау болыңыз.

2.

- Сен сабаққа бара жатырсың ба?
- Иә. Сен ше?
- Мен де. Қазір сендерге қандай сабақ?
- Қазір бізге қазақ тілі сабағы.
- Айтшы, сабақ кестесі қайда?
- Дәлізде, сол жақта.
- Сендерге қазақ тілі сабағы нешінші дәрісханада болады?
- Екінші қабатта. 219 дәрісханада.
- Сен қазақша түсінесің бе?
- Аздап түсінемін.

3.

- Кешіріңіз, дайындық факультеті қайда?
- Екінші қабатта.
- Рахмет.
- Сіз оқисыз ба, жұмыс істейсіз бе?
- Мен оқимын.
- Қайда оқисыз?
- Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқимын.
- Қай факультетте?
- Журналистика факультетінде.
- Нешінші курста?

- Екінші курста.
- Сіз қазақша білесіз бе?
- Жақсы білмеймін. Қазір үйреніп жүрмін.

Екінші сабақ

-Шы/-ші, -кер/ -гер, -қыш/-кіш, -ғыш/-гіш жұрнақтары мамандық және кәсіп атауларына жалғанады.

Мамандықтар:



ұшқыш



ғарышкер



биші



суретші




тігінші

Сөздікпен жұмыс.

Мамандықтар: заңгер, жазушы, кәсіпкер, қаржыгер, сәулетші, құрылысшы, елші

Кәсіп: малышы, балықшы, теңізші, жүргізуші, етікші, еміші

Ұлттар: қазақ, қырғыз, орыс, ауган, ағылшын, француз, өзбек, неміс, түрік, тәжік, украин, қытай, корей, жапон, араб, италян, түрікмен, үнді



1-жаттығу. Көп нүктенің орнына (-лар/лер, -дар/дер, -тар/тер) көптік жалғауларының тиістісін қойып, жазыңыздар.

Үлгі: Қазақстанда қазақтар тұрады.

Өзбекстанда өзбек.... тұрады.

Үндістанда үнді..... тұрады.

Ұлыбританияда ағылшын.... тұрады.

Мысырда араб..... тұрады.

Испанияда испан.... тұрады.

Қырғызстанда қырғыз..... тұрады.

2- жаттығу. Жаттығыңыз.

Үлгі:

**Қазақстан*

Мен қазақпын.

Мен Қазақстанда тұрамын.

Мен қазақша сөйлеймін.

Мен Қазақстанда оқимын.

Мен Қазақ ұлттық университетінде оқимын.

*Араб	Сіз арабсыз.
*Қырғыз	Біз қырғызбыз.
*Орыс	Сіздер орыссыздар.
*Ауған	Олар ауғандар.

3-жаттығу. Диалогты оқыңыз.

- | | |
|------------------------------------|------------------------|
| - Сенің ұлтың кім? | - Сенің әпкең кім? |
| - Менің ұлтым қазақ. | - Менің әпкем дәрігер. |
| - Сенің жасың нешеде? | - Ол қандай маман? |
| - Менің жасым жиырмада. | - Ол жақсы маман. |
| - Сенің отбасыңда неше адам бар? | - Сенің інің кім? |
| - Менің отбасымда төрт адам бар. | - Менің інім оқушы. |
| - Сенің әкең кім? | - Арманның ағасы кім? |
| - Менің әкем жұмысшы. | - Ол агроном. |
| - Сенің анаңның мамандығың қандай? | - Сен кімсің? |
| - Менің анам оқытушы. | - Мен студентпін. |
| - Сенің ағаң кім? | - Сендер кімсіңдер? |
| - Менің ағам жүргізуші. | - Біз студентпіз. |

4-жаттығу. Мамандықтардың жіктеу есімдіктерімен сәйкесін тауып жазыңыз.

Үлгі: Мен оқушымын.
Сен студентсің.

- | | |
|-----------|--------------------|
| 1. Мен | а) талапкерміз. |
| 2. Сен | ә) кәсіпкерсіңдер |
| 3. Сіз | б) адвокатсың |
| 4. Ол | в) дәрігермін |
| 5. Біз | г) студент |
| 6. Сендер | ғ) аудармашысыз |
| 7. Сіздер | д) қызметкерлер |
| 8. Олар | е) құрылысшысыздар |

Лексикалық тақырып

Мәтінді оқыңыз.

Менің таңдаған мамандығым

Менің атым – Ажар. Менің ұлтым – қазақ. Менің Отаным Қазақстан. Мен Алматы қаласында туылдым. Біздің отбасымызда тоғыз адам бар. Менің атамның аты – жөні Оспан Әмірұлы. Әжемнің аты – жөні Асыл Рахымқызы. Олар зейнеткерлер. Әкемнің аты Дархан. Ол банк қызметкері. Анамның есімі Әсел. Ол емханада балалар дәрігері болып жұмыс істейді.

Мен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің экономика факультетінде оқимын. Таңдаған мамандығым өзіме ұнайды.

Өз таңдаған мамандығыңыз туралы әңгімелеңіз.


Үшінші сабақ

Не тұр? Не бар? Қайда тұр? Көмекші сөздер.

Іші-ішінде
Үсті-үстінде
Арасы-арасында
Алды-алдында
Арты-артында
Жаны-жанында/Қасы-қасында
Қарсы-қарсысында
Ортасы-ортасында



1-жаттығу. Оқыңыз. Жазыңыз.



- 1) Дәрісхананың ішінде нелер бар? Дәрісхананың ішінде тақта, парталар, үстел, орындық, компьютер, карта бар.
- 2) Үстелдің жанында не тұр? Үстелдің жанында орындық тұр.
- 3) Терезенің жанында не ілінулі тұр? Терезенің жанында карта ілінулі тұр.
- 4) Үстелдің үстінде нелер жатыр? Үстелдің үстінде қарындаш, қаламдар, дәптерлер, қағаздар жатыр.
- 5) Тақта қайда тұр? Тақта парталарға қарсы тұр.
- 6) Парталардың арасы қандай? Парталардың арасы кең.
- 7) Терезеге қарсы не бар? Есік бар.

Заттың тұрған орнын білу үшін қайда? қайда жатыр? деген сұрақ қойылады. Жатыс септігінің жалғаулары: –да,-де –та –те, -нда, -нде, -ында, -інде

2-жаттығу. Жаттығыңыз.

Диалог

- Кітап қайда жатыр?
- Кітап үстелдің **үстінде** жатыр.
- Қағаздар қайда жатыр?
- Қағаздар шкафтың **ішінде** жатыр.
- Дәптерлер қайда жатыр?
- Дәптерлер кітаптың **жанында** жатыр.

3-жаттығу. Диалогты көршіңізбен кезектесіп оқыңыз. Сөйлемдерді пайдалана отырып, диалог құрастырып жазыңыз.

- Сен қайда тұрасың?
- Мен Астанада тұрамын.
- Үйің қай көшеде?
- Үйім Ахмет Жұбанов көшесінде.

- Үйіңнің нөмірі қандай?
- Үйімнің нөмірі алпыс екі.
- Сен нешінші пәтерде тұрасың?
- Мен жиырмасыншы пәтерде тұрамын.
- Пәтерің неше бөлмелі?
- Біздің пәтерімізде төрт бөлме бар. Қонақ бөлме, жатын бөлме, ас бөлме, жуынатын бөлме.

4-жаттығу. Мәтінді оқыңыз. Көмекші сөздерді пайдалана отырып бөлмеңіздегі заттар мен жиһаздардың қайда тұрғанын сипаттап жазыңыз.

Менің бөлмем


Менің бөлмем кең. Бөлмемде үстел, орындықтар, төсек, шкаф, кітап сөресі, теледидар, тоңазытқыш бар. Менің жазу үстелімде шам, қалам, түрлі- түсті қарындаштар жатыр. Үстелдің жанында екі орындық тұр. Бұрышта теледидар бар. Менің бөлмем жарық, жайлы.

Лексикалық тақырып

Мәтінді тыңдаңыз. Оқыңыз.

Біздің үйіміз

Менің атым – Азамат. Менің үйім Алматыда. Менің отбасым Абай көшесіндегі жүз оныншы үйде, он төртінші пәтерде тұрады. Біздің пәтеріміз төртінші қабатта. Біздің пәтеріміз үлкен: қонақ бөлме, ұйықтайтын бөлме, балалар бөлмесі, ас үй, жуынатын бөлме, жұмыс бөлмесі, кіре беріс бар. Кіре берісте киім ілгіш, айна және телефон тұр. Дәліздің оң жағында балалар бөлмесі, дәліздің төр жағында қонақ бөлме. Дәліздің сол жағында жатын бөлме, қонақ бөлме, содан кейін ас бөлмесі орналасқан. Теледидар мен диван, екі кресло қонақ бөлмесінде тұр. Жазу үстелі мен компьютер жұмыс бөлмесінде тұр. Әр бөлмеде үлкен терезелер бар. Бөлмелер өте жарық, кең. Дәліздің оң жағында дәретхана мен жуынатын бөлме бар. Төбеге әдемі шам ілінген. Дәлізге әдемі қызыл кілем төселген.



**дәліз
киім ілгіш
айна
балалар бөлмесі**

**қонақ бөлмесі
дем алатын орын
ас ішетін бөлмесі
жуынатын бөлме
жұмыс бөлмесі
кілем төселген
теледидар
диван
екі кресло
шам ілінген
жазу үстелі**

Сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Азаматтың үйі қайда?
2. Азаматтың үйі қай көшеде орналасқан?
3. Азамат нешінші пәтерде тұрады?
4. Нешінші қабатта?
5. Азаматтың пәтерінде неше бөлме бар?
6. Кіре берісте нелер тұр?
7. Дәліздің оң жағында не тұр?
8. Ас бөлмесі қайда?
9. Қонақ бөлмеде не тұр?
10. Жұмыс бөлмеде не тұр?
11. Дәлізде не төселген?
12. Жұмыс бөлмесінде не тұр?
13. Төбеде не ілулі тұр?
14. Еденде не жатыр?

Төртінші сабақ «Емес» сөзі.

Жекеше:

Мен дәрігер емеспін.
Сен дәрігер емессің.
Сіз дәрігер емессіз.
Ол дәрігер емес.

Көпше:

Біз дәрігер емеспіз.
Сендер дәрігер емессіңдер.
Сіздер дәрігер емессіздер.
Олар дәрігер емес.

1-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз.

Мен қуаныштымын.
Мен қуанышты емеспін.

Сен ашулысың.
Сен ашулы емессің.

Сіз құрылысшысыз.
Сіз құрылысшы емессіз.

Ол жиырмада.
Ол жиырмада емес.

Біз Ауғанстаннанбыз.
Біз Ауғанстаннан емеспіз.

Сендер университеттесіңдер.
Сендер университетте емессіңдер.

Сіздер қаладасыздар.
Сіздер қалада емессіздер.

Олар бірінші.
Олар бірінші емес.

2-жаттығу. Қала аттарын тыңдаңыз. Оқыңыз. Жазыңыз.



3- жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті (тәуелдік, септік, көптік) жалғаулар мен сұраулық шылауларды қойыңыздар.

1. Менің ат..... – Ахмет.
2. Мен Шымкент.. тұрамын.
3. Сен Семейденсің?

4. Біз көңілді...
5. Сендер ашулы.....
6. Мен әнші емес....
7.атың кім?
8. Мен заңгер...
9. Ол қорғаушы емес ...?


Лексикалық тақырып

Мәтіндерді оқыңыз. Сөздікпен жұмыс.

Менің елім – Қазақстан

Менің Отаным – Қазақстан. Қазақстан Еуразияның орталығында орналасқан. Бұл елде шетсіз, шексіз дала жатыр. Қазақстан – әр түрлі халық өкілдері бейбіт тұрып жатқан ел. Елімізде сирек кездесетін жануарлар, өсімдіктер бар. Пайдалы қазбаларға бай. Астана, Алматы, Қызылорда, Талдықорған, Тараз, Түркістан, Ақтау, Атырау, Шымкент, Ақтөбе, Қарағанды сияқты көрікті қалалар бар. Мен өз елімді өте жақсы көремін, мақтан етемін. Әр елден келген қонақтарға Қазақстан ұнайды. Сіздер де жақсы көріп кететіндеріңізге кәміл сенеміз.

Туған жер



Мен Ақмола облысы Бұланды ауылында дүниеге келдім. Бұланды ауылы Астана қаласынан алыс емес. Менің ауылымның табиғаты өте әдемі. Ауасы таза. Ауылда биік таулар, аласа таулар бар. Ағаштар, әсіресе жасыл шыршалар өте көп.

Ауылдың жанында көл бар. Ауылдың балалары көлден балық аулайды. Қыста шанамен сырғанақ ойнаймыз. Қардан аққала жасаймыз. Мен ауылымды жақсы көремін. Алыста жүргенде сағынамын.

Бесінші сабақ
Иелік формасы -нікі, -дікі,-тікі. Кімдікі? сұрағы.

Б, в, г, д қатаң дауысыздардан соң	-тікі	Асхаттікі, Ләззаттікі
Дауысты дыбыстардан соң	-нікі	Айшанікі, Зеренікі
Басқа жағдайларда	-дікі	Мақпалдікі, Дархандікі

- Мынау қалам кімдікі?
- Жалаладиндікі
- Мынау сөмке кімдікі?
- Фатиманікі.
- Мынау кітап кімдікі?
- Әйгерімдікі.
- Мынау көлік кімдікі?
- Бекзаттікі.

1-жаттығу. Үлгі бойынша жазбаша орындаңыз.

Үлгі: - Мынау тауар қай елдікі?
- Қазақстандікі.

Ресей, Түркия, Ауғанстан, Қытай, Үндістан, Франция, Қырғызстан.

2-жаттығу. Сұрақтарға жақша ішіндегі сөздерді қойып жазыңыз.

Үлгі: Мына орындық кімдікі? (Мұғалім) – Мұғалімдікі.

- Мынау кітап кімдікі? (Әділ)
- Мынау компьютер кімдікі (Манзур)
- Мынау телефон кімдікі? (Оқытушы)
- Мынау бас киім кімдікі? (Мақсат)
- Мынау сөмке кімдікі (Айнұр)
- Мынау сызғыш кімдікі? (Насрулла)

3-жаттығу. Оқыңыз. Салыстырыңыз.

- Мынау кімнің кітабы?
- Мынау кітап кімдікі?
- Бұл менің кітабым.
- Бұл кітап менікі.

- Мынау кімнің бөлмесі?
- Бұл менің бөлмем.
- Мынау кімнің қол сағаты?
- Бұл менің қол сағатым.
- Мынау кімнің белдігі?
- Бұл менің белдігім.

- Мынау бөлме кімдікі?
- Бұл бөлме менікі.
- Мынау қол сағат кімдікі?
- Бұл қол сағат менікі.
- Бұл белдік кімдікі?
- Бұл белдік менікі.


4-жаттығу. Көп нүктенің орнына -нікі, -дікі,-тікі жұрнақтарының тиістісін қойып жазыңыз.

1) Мен..., сен..., сіз..., он..., біз..., сендер..., сіздер..., олар....

2) Мұғалім..., студент..., оқушы..., ағам..., әпкем..., інім..., досым...


Лексикалық тақырып

Туыстық атаулар



Әкенің әкесі-----ата
Әкесінің шешесі-----әже
Әке
Шеше
Әке-шешенің ұлы/қызы -----бала
Әкенің баласы атаға -----немере
Немеренің баласы -----шөбере
Шөберенің баласы-----шөпшек
Шөпшектің баласы-----немене
Немененің баласы----- туажат
Шешенің туыстары -----нағашы
Әпкенің, қарындастың балалары-----жиен
Ағаның, інінің балалары -----немере іні
Ағаның әйелі-----жеңге
Інінің әйелі-----келін
Әпкенің күйеуі -----жезде
Қарындастың күйеуі-----күйеу бала
Әпке мен сіңлісінің балалары-----бөле

Менің отбасым



Менің отбасым үлкен. Менің атам, әжем, әкем, шешем бар. Мен ата - әжемнің немересімін. Менің бір ағам, бір әпкем, бір қарындасым, екі інім бар. Үлкен ағамның аты Қанат. Менің үлкен ағам үйленген. Жеңгемнің аты Зәуре. Олардың екі ұлы бар. Олар менің немере інілерім. Әпкем тұрмыста. Жездем құрылыс компаниясында жұмыс істейді. Олардың бір қызы бар. Жиенім кішкентай. Демалыста анамның туыстарына, яғни нағашыларыма барамыз. Бір қарындасым тұрмыста. Күйеу бала офис қызметкері. Інімнің аты Әли. Ол үйленген. Келін жұмыс істемейді. Үй шаруасымен айналысады. Бір қарындасым, бір інім мектепте оқиды. Мен бойдақпын.

Мына мақал-мәтелдерді есте сақтаңыз!

Шешесін көріп қызын ал.
Бідысын көріп, асын іш.
Ағасы бардың жағасы бар.
Інісі бардың тынысы бар.
Балалы үй – базар.
Баласыз үй – мазар.

Өз отбасыңыз туралы айтып беріңіз.

Алтыншы сабақ

Жіктеу есімдігі+жатыс септігі.

жекеше				көпше			
мен	сен	сіз	ол	біз	сендер	сіздер	олар
менде	сенде	сізде	ода	бізде	сендерде	сіздерде	оларда

– Менің кітабым кімде? – Сенің дәптерің кімде? – Сіздің қаламыңыз кімде?
– Бізде. – Ода. – Өзімде.

1-жаттығу. Диалогтағы көп нүктенің орнына жатыс септігінің жалғауын қойыңыз.

- Менің қазақ тілі оқулығым кімде?
- Мен... емес.
- Сендер... ме?
- Жоқ, біз... емес.
- Онда кім...?
- Білмейміз, мүмкін олар....

2- жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз. Көшіріп жазыңыз.

Менде қалам, кітап, қарындаш, сызғыш, өшіргіш бар. Олар сөмкенің ішінде. Сенде жаңа дәптер бар ма? Иә, менде жаңа дәптер бар. Сізде менің телефон нөмірім бар ма? Жоқ, менде сіздің телефон нөміріңіз жоқ. Сендерде компьютер бар ма? Жоқ, бізде компьютер жоқ. Бізде қазақша-парсыша сөздік бар.

3-жаттығу. Оқыңыз. Қайталаңыз.

Мен-менде Біз-бізде

Сен-сенде	Сендер-сендерде
Сіз- сізде	Сіз-сіздерде
Ол-ода	Олар-оларда

Лексикалық тақырып Жеті ата

Қазақ халқының дәстүрлерінің бірі - өз жеті атасын білу. Әр адам өзінің ата-бабаларын білу парыз. Баланың ең жақын туыстары-әкесінің туыстары. Жігіттің үш жұрты (елі) болады.

- 1) Өз жұрты-әкесінің туыстары.
- 2) Нағашы жұрты- шешесінің туыстары.
- 3) Қайын жұрты- әйелінің туыстары.

Жеті ата (өлең)

Бабамнан басталар	Ұлдардың кішісі -
«Өз жұртым» мыналар:	Бір туған інім бар
Ең жақын адамдар -	Қыздардың кішісі -
Әке мен анам бар.	Бір туған қарындас
	Әпкеге сіңлі бар.

Әкемнің әкесі -	Әкеге мен - бала,
Ақ басты атам бар.	Атаға - немере.
Әкемнің шешесі -	Немере баласы,
Ақ шашты әжем бар.	Болады шөбере.

Ұлдардың үлкені-	Шөбере баласы -
Бір туған ағам бар.	Шөпшек деп аталды.
Қыздардың үлкені -	Шөпшектің баласы -
Бір туған әпкем бар.	Немене саналар.
	Осы ұрпақ жалғасы
	«Жеті ата» бола алар.

Ермек Өтетілеуұлы

Жетінші сабақ

Жіктеу есімдігі+барыс септігі. Модаль сөздер: «Керек/қажет»

жекеше				көпше			
маған	саған	сізге	оған	бізге	сендерге	сіздерге	оларға

- Саған не керек.
- Маған кітап керек.
- Оған не керек?
- Оған телефон керек.

- Сізге не керек?
- Маған қағаз, қалам, өшіргіш керек.
- Сендерге не қажет?
- Бізге ешнәрсе қажет емес.

Не істеу керек?

- Саған не істеу керек?
- Сабаққа дайындалу керек.
- Оған не істеу керек?
- Оған базарға бару керек.
- Сендерге не істеу керек?
- Бізге концертке бару керек.
- Оларға не істеу керек?
- Оларға қазақша үйрену керек.

1-жаттығу. Диалогті оқыңыз.

- Таңертең не істеу керек?
- Бетті жуу керек, тісті тазалау керек.
- Таңы не істеу керек?
- Шашты тарау керек.Киімді кию керек.
- Содан кейін не істеу керек?
- Таңғы асты ішу керек.
- Содан кейін не істеу керек?
- Содан кейін сабаққа бару керек.
- Түсте тамақтың алдында не істеу керек?
- Түсте тамақтың алдында қолды жуып, сүрту керек.
- Содан кейін не істеу керек?
- Содан кейін түскі асты ішу керек.
- Ұйықтар алдында не істеу керек?
- Ұйықтар алдында жуыну керек.
- Сен бүгін не істеуді ұмыттың?
- Мен бүгін таңғы жаттығу жасауды ұмыттым.

2- жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті етістіктерді қойып не істеу керек? сұрағына жауап жазыңыз.

А)

Ертең ерте ...

Содан кейін.....

Сабақтан соң.....

Сабақта.....

Не істеу керек?

Ә)
Түсте

тамақтың алдында.....

Кешке дейін.....

Ұйықтар алдында.....

Не істеу керек?

Б) Тісті

Бетті, қолды

Шашты.....

Тамақты.....

Сабақты

Не істеу керек?

Лексикалық тақырып
Сағат (уақыт) қанша?



Уақыт	Ресми	Ауызекі сөйлеу тілінде
Таңғы	Сағат бес	Сағат таңғы бес
Күндізгі	Сағат он екі	Тал түс
Түскі	Сағат он үш	Түскі сағат бір
Кешкі	Сағат он сегіз	Сағат кешкі алты
Түнгі	Сағат жиырма төрт Сағат бір	Сағат түнгі он екі/түн ортасы Сағат түнгі бір
Минуттар	15 (6 сағат 15минут)	(алтыдан) 15 минут кетті
	30 (6 сағат 30 минут)	(алты) жарым
	35 (6 сағат 35минут)	(жетіге) 25 минут қалды
	45 (6 сағат 45 минут)	(жетіге) 15 минут қалды
	55 (6 сағат 55 минут)	(жетіге) 5 минут қалды

Тәулік -24 сағат

Жарты сағат-30 минут

1 сағат – 60 минут

1 ай – 30 , 31 күн

1 жыл- 12 ай (365 күн)

1 ғасыр- 100 жыл

жарты ғасыр- 50 жыл

Мына сағаттарды айтыңыз.

Үлгі: 7.45- жеті қырық бес; сегізге он бес минут қалды; он бес минутсыз сегіз.

8.26 ; 9.42; 10.00; 11.30; 13.15; 2.48; 17.25; 22.47;

Мәтінді тыңдаңыз. Оқыңыз.

Менің бір күнім

Мен таңертең сағат жетіде тұрамын. 15 минут жаттығу жасаймын. Жуынамын. Киінемін. Сағат жеті жарымда таңғы асымды ішемін. Факультет жатақхананың жанында. Сегізден жиырма минут кеткенде дәрісханаға кіремін. Бірінші сабақ сағат сегіз жарымда басталады. Ол сағат 9.50-де аяқталады. Екінші сабақ - математика. Ол сағат онда басталады. Үшінші сабақ физика. Ол сағат 11.40-та басталады. Сабақтар сағат бірде аяқталады. Біз дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі күндері оқимыз. Жексенбі күні демаламыз.

Мен 13.30-да түскі ас ішемін. Бір сағат демаламын. Сағат 15.00-ден 17.00-ге дейін ертеңгі сабаққа дайындаламын. Бір сағат далада серуендеймін. Кешкі асты сағат 19.00-де ішеміз. Теледидар көремін. Музыка тыңдаймын. Сағат 22.00-де ұйықтаймын.

Өзіңіздің жұмыс күніңіз туралы әңгімелеп беріңіз.

Сегізінші сабақ

Ауыспалы осы шақ. Мезгіл үстеулер (қашан?). «Дейін» (шейін) шылаулары. «Ұнату/ұнатпау» сөздері.

Ауыспалы осы шақ етістікке –а,-е,-й жұрнақтары жалғану арқылы жасалады.

Жіктеу есімдіктері	бару	келу	сөйлеу
Мен	барамын	келемін	сөйлеймін
Сен	барасың	келесің	сөйлейсің
Сіз	барасыз	келесіз	сөйлейсіз
Ол	барады	келеді	сөйлейді
Біз	барамыз	келеміз	сөйлейміз
Сендер	барасындар	келесіндер	сөйлейсіндер
Сіздер	барасыздар	келесіздер	сөйлейсіздер
Олар	барады	келеді	сөйлейсіздер

Жиі қолданылатын етістіктер: айту, демалу, жұмыс істеу, оқу, жазу, қарау, қыдыру, ойнау, сүйю/жақсы көру, тамақ дайындау, тыңдау, түсіну, ыдыс жуу, үй тапсырмасын жасау, ұнату.

1-жаттығу. Түсіну, тыңдау, жазу, қыдыру, айту етістіктерін ауыспалы осы шақта жіктеп жазыңыз.

Ескерту! Ауыспалы осы шақ көбінесе мезгіл үстеулермен қатар қолданылады. Мысалы: Біз күнде сабаққа барамыз. Мен үйге жиі хабарласамын. Кешке далада серуендейміз.

2-жаттығу. Сұрақтарға ауыспалы осы шақта жауап беріңіз.

Үлгі: - Сен шахмат ойнайсың ба?

- Иә, мен шахмат ойнаймын.

- Сен ән айтасың ба?
- Музыканы жиі тыңдағанды ұнатасың ба?
- Сенің әкең жұмыс істей ме?
- Кітап оқығанды жақсы көресің бе?
- Қазақша сөйлей аласың ба?
- Қазақша түсінесің бе?
- Үй тапсырмасын қашан дайындайсың?
- Тамақ жасай аласың ба?
- Қандай фильм көргенді ұнатасың?
- Түнде нешеде ұйықтайсың?
- Таңертең нешеде оянасың?
- Қандай жыл мезгілін жақсы көресің?
- Қандай спорт түрімен айналысасың?

3-жаттығу. Екеуара жұмыс. Сұрақтарға жауап беріңіз. Көршіңізбен бірге орындаңыз.

- Қай көшеде тұрасың?
- Қайда тұрасың?
- Нешінші бөлмеде тұрасың?
- Әкеңнің аты кім?
- Шешеннің аты кім?
- Әкең қайда жұмыс істейді?
- Отбасыңда неше адам бар?

- Сенің телефон нөмірің қандай?
- Бос уақытыңда немен айналысасың?
- Қандай тілдерді білесің?

Мезгіл үстеулер: *Бүгін, қазір, ертең, кеше, бүрсігүні, биыл, былтыр/өткен жылы, келер жылы, таңертең, түс, кеш, түн. ерте, арқашан, жиі, әдетте, күн сайын, таңертең. күндіз, кешке, түнде.*

Бүгін күн жылы. Ертең – дүйсенбі. Кеше саяхатқа бардық. Бүрсігүні бізге математика сабағы болады. Биыл - 2013жыл. Келер жылы Түркияға барамыз. Таңертең ерте ояндым. Түсте сабаққа бардық. Кешке концертке барамыз. Түнде кеш ұйықтадым.

4-жаттығу. Бүгін, ертең, биыл, келер жылы, таңертең, түс, кеш, түн. ерте, мезгіл үстеулерімен «керек» сөзін пайдаланып, сөйлемдер құраңыз.

Лексикалық тақырып

Бос уақыт

Кино, театр, концерт, музыка, ән, рок, рэп, классикалық музыка, опера, балет, күй, би, фильм.

Спорт: футбол, теннис, баскетбол, волейбол, тоғызқұмалақ, шаңғы, жүгіру, жүзу;

Үйдегі бос уақыт: теледидар, радио, кітап оқу.

Іс-әрекеттер: шаңғы тебу; суда жүзу; теннис, футбол, шахмат ойнау; киноға, тауға, теңізге, көрмеге, мұражайға бару; саяхат жасау; кітап оқу; фильм көру; билеу; серуендеу;

Мына сөздерді жаттап алыңыз!

Өте жақсы көремін.

Жақсы көремін.

Ұнатамын.

Қызығамын.

Онша ұнатпаймын.

Жақсы көрмеймін.

Мүлде ұнатпаймын.

Диалог:

- Сіз киноны теледидардан көргенді ұнатасыз ба, әлде кинотеатрдан ба?
- Кинотеатрдан. Сіз ше?
- Маған бәрібір.
- Қандай фильмдерді ұнатасыз?
- (тарихи фильмдерді, драмалық фильмдерді)

Екеуара жұмыс. Көршіңізден сұраңыз

1. Сіз кешке не істейсіз? Демалыс күндері ше?
2. Сіз спортпен айналысқанды жақсы көресіз бе?
3. Қандай спорт түрін ұнатасыз?
4. Сіз қандай спорт түрін ұнатпайсыз? Неге?
5. Қандай музыканы жақсы көресіз?
6. Қандай музыканы ұнатпайсыз?
7. Ата-анаңыз қандай музыка тыңдайды?
8. Саяхат жасауды ұнатасыз ба?
9. Сіз тауға шыққанды ұнатасыз ба, әлде теңізге барғанды ма?
10. Сіз билей аласыз ба, әлде ән айтасыз ба?

Тоғызыншы сабақ

Нақ осы шақ. Мекен үстеу. Қой (ғой), қана (ғана) шылаулары

Іс-әрекеттің сөйлеу кезінде болып жатқанын білдіреді. «Не істеп жатыр?» деген сұраққа жауап береді. Нақ осы шақтың екі түрі бар.

Нақ осы шақтың жай түрі төрт етістік (отыру, тұру, жүру, жату) арқылы жасалады.

Жіктеу есімдігі	отыру	тұру	жүру	жату
Мен	отырмын	тұрмын	жүрмін	жатырмын
Сен	отырсың	тұрсың	жүрсің	жатырсың
Сіз	отырсыз	тұрсыз	жүрсіз	жатырсыз
Ол	отыр	тұр	жүр	жатыр
Біз	отырмыз	тұрмыз	жүрміз	жатырмыз
Сендер	отырсыңдар	тұрсыңдар	жүрсіндер	жатырсыңдар
Сіздер	отырсыздар	тұрсыздар	жүрсіздер	жатырсыздар
Олар	отыр	тұр	жүр	жатыр

Күрделі нақ осы шақ «отыр», «тұр», «жатыр», «жүр» етістіктерінің түбіріне *-ып, -іп, -п* жұрнақтары, содан кейін көмекші етістіктерінің жалғануы арқылы жасалады.

Жіктеу есімдігі	отыру	тұру	жүру	жату
Мен	жазып	сөйлесіп	қыдырып	ұйықтап

	отырмын	тұрмын	жүрмін	жатырмын
Сен	жазып отырсың	сөйлесіп тұрсың	қыдырып жүрсің	ұйықтап жатырсың
Сіз	жазып отырсыз	сөйлесіп тұрсыз	қыдырып жүрсіз	ұйықтап жатырсыз
Ол	жазып отыр	сөйлесіп тұр	қыдырып жүр	ұйықтап жатыр
Біз	жазып отырмыз	сөйлесіп тұрмыз	қыдырып жүрміз	ұйықтап жатырмыз
Сендер	жазып отырсыңдар	сөйлесіп тұрсыңдар	қыдырып жүрсіндер	ұйықтап жатырсыңдар
Сіздер	жазып отырсыздар	сөйлесіп тұрсыздар	қыдырып жүрсіздер	ұйықтап жатырсыздар
Олар	жазып отыр	сөйлесіп тұр	қыдырып жүр	ұйықтап жатыр

Ескерту! Жатыр, жүр, тұр көмекші етістіктері екі мағынада қолданылады.

Мысалы: 1) Мен ұйықтап жатырмын.

2) Мен жатақханада тұрып жатырмын. Қазір тамақ жасап жатырмын.

1) Ол далада серуендеп жүр.

2) Ол Алматыда оқып жүр. Біз туыстарымызды сағынып жүрміз.

1) Сен телефонмен сөйлесіп тұрсың. Сен терезеге қарап тұрсың.

2) Сен маған хабарласып тұр. Қонаққа жиі келіп тұр.

1-жаттығу. Берілген етістіктерді күрделі нақ осы шақта жіктеңіз.

Үй жинау, шаң сүрту, ілу, сыпыру, ыдыс жуу;

Үлгі: Мен үй жинап жатырмын. Біз үй жинап жатырмыз.

Сен үй жинап жатырсың. Сендер үй жинап жатырсыңдар.

Сіз үй жинап жатырсыз. Сіздер үй жинап жатырсыздар.

Ол үй жинап жатыр. Олар үй жинап жатыр.

2-жаттығу. Диалогты оқыңыз. Телефон арқылы бөлмеңіздегі достарыңыздың қазір не істеп отырғанын айтып беріңіз.

- Алло, Алмас, сәлем!

- Сәлем Наджипулла.

- Қалың қалай? Не істеп жатырсыңдар?

- Жаман емес. Мен сабаққа дайындалып жатырмын. Мұрат кітап оқып отыр.

Мозамел телефонмен сөйлесіп тұр. Сендер ше?

- Мен музыка тыңдап отырмын. Мақсат теледидар көріп отыр. Олжас, Арман шахмат ойнап отыр.

Мекен үстеулер – іс-әрекеттің орнын, бағытын білдіріп, қайда?, қайдан? деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: Хамит сыртқа шықты. Ол баспалдақпен төмен түсті. Алмас артта келе жатыр. Менің досым жоғарыда тұрады.

3-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазыңыз. Мекен үстеулерді табыңыз.

Біз осында тұрамыз. Мені сыртта досым күтіп тұр. Жоғарыда кинотеатр, төменде кітап дүкені бар.

Қой (ғой), қана (ғана) шылаулары өздері тіркескен сөздерге шектеу, даралау, өтініш, тағы басқа мағыналар үстейді. Мысалы: Балапандарға жем бере **ғой**. Мынау ғажайып бақ **қой!** Бұл оқиға туралы тек **қана** сендерге айттым. Сабәк аяқталған соң, жатақханаға бара **ғой**.

Сөздікпен жұмыс. Мына етістіктерді жаттап алыңыз: жинау, үй жинау, шаң сүрту, сыпыру, ыдыс жуу, тазалау, жөндеу, ілу.

Лексикалық тақырып

Өлшем атаулары:

Грамм

Килограмм

Тонна

Метр

Сантиметр

Дициметр

Километр

Милиметр

литр

Азық-түлік дүкенінде

- Маған бір нан, екі бөтелке су, бір литр сүт, екі литр айран, бір келі қант, он шақты жұмыртқа беріңізші.
- Міне, сұраған азық-түлігіңіз. Сізге қандай су керек?
- Екі бөтелке газдалмаған су.
- Сүзбе, сары май алмайсыз ба?
- Иә, екі қорап сүзбе, 200 грамм сары май, бір қорап шай беріңізші. Сосын жемістер мен көкөністер аламын.
- Қандай жеміс?
- Бір келі алма, жарты келі алмұрт, бір кило жүзім.

- Қандай көкөніс аласыз?
- Салатқа қияр, қызанақ, болгар бұрышы, көк пияз.
- Неше келі аласыз?
- Әрқайсысынан жарты келіден.

Оныншы сабақ
Жедел өткен шақ.Сын-қимыл үстеу.

Жедел өткен шақ іс-әрекеттің орындалып кеткендігін білдіреді. Ол етістіктің түбіріне –ты/-ті, -ды/-ді жұрнағы жалғану арқылы жасалады.

<p>Етістіктің өткен шағы.</p> <p>Етістіктің түбірі -ды, -ді, -ты, -ті жіктік жалғау.</p>	<p>Мен бар-ды-м. Сен көр-ді-ң. Сіз айт-ты-ңыз. Ол кет-ті. Біз жаз-ды-қ. Сендер кел-ді-ңдер. Сіздер қайт-ты-ңыздар. Олар көрсет-ті.</p>
---	--

Жедел өткен шақтың болымсыз түрі -ма/-ме-ба/-бе-па/-пе болымсыз жұрнақтары арқылы жасалады. Мысалы: Сен келмедің? Сен неге келмедің?

Жедел өткен шақтың сұраулы түрі етістіктен кейін -ма/ -ме, -ба/ -бе, -па/-пе сұраулық шылаулары жалғану арқылы жасалады. Мысалы: Сен келдің бе? Сен айттың ба?

1-жаттығу. Мына етістіктерді жедел өткен шаққа қойып айтыңыз.

Үлгі: Сөйлесу (мен) Сөйлесу - сөйлес-сөйлес+ті+м

Мен сөйлестім.

Мен сөйлестім бе? сөйлесу-сөйлес-сөйлес+ті+м бе?

Мен сөйлеспедім. Сөйлесу-сөйлес-сөйлес+пе- сөйлес+пе+ді+м

Ашу (сен), жабу(сіз), апару (ол), әкелу (біз), жазу (сендер), оқу (сіздер), көру (олар), қарау (мен), ілу (сен), айту (сіз), тыңдау (ол), түсіну (біз), ұнату (сендер), отыру (сіздер), жұмыс істеу (біз), қыдыру (олар), ойнау (мен), күлу (сен).

2-жаттығу. Мәтінді жедел өткен шақтың жалғауларымен толықтырып оқыңыз.

Арманның өмірбаяны

Арман Асқарұлы 1994 жылы Алматы қаласында ту... Екі жасында балабақшаға бар.... Жеті жасында мектептің бірінші сыныбына қабылдан... Тоғызыншы сыныпты бітірген соң, колледжге түс... Үш жылдан кейін университеттің екінші курсына оқуын жалғастыр...

3-жаттығу. Сөйлемдерді болымсыз түрге айналдырып айтыңыз.

Үлгі: - Мәдина кеше театрға барды.

- Мәдина кеше театрға бармады.

1. Санжар кеше Ақтаудан келді.
2. Сенбіде біз саяхатқа бардық.
3. Сендер жазда Алакөлде демалдыңдар.
4. Ержан Талдықорғанда болды.
5. Сіз кеше жиналысқа кешіктіңіз.

Сын-қимыл үстеулер - іс-әрекеттің амалын, бейнесін, тәсілін білдіріп, «қалай?» деген сұраққа жауап береді. Мысалы: Ақырын жүрді. Тез келді. Әрең сөйледі. Пойыз баяу жүріп келеді. Оның даусы қатты шықты.

4-жаттығу. Жақша ішіндегі сөздерді көп нүктенің орнына қойып жазыңыз. Сөйлемдердің мағынасын түсініп оқыңыз.

Мұрат (тез)..... киініп, (сыртқа) шықты. Қатты шаршағандықтан, (артта).... (жай)..... жүріп келеді. Далада (қатты).... жел соғып тұр.


Лексикалық тақырып

Мына сөздерді біліп алыңыз!

әр түрлі
орталық
ең
қонақ үй
аталады
ескерткіш
жиі
қызық
жақында
бұрын
ұзақ

шетелдік
ежелгі заман
көп ұлтты

Алматы



**Абай атындағы опера
және балет театры**



Цирк



«Қазақстан» қонақ үйі

Мәтінді оқыңыз.

Біз, шетелдік студенттер, қазір Алматы қаласында тұрамыз. Алматы – үлкен қала. Алматы – Қазақстанның бұрынғы астанасы. Қазақстан – Орта Азияда орналасқан.

1929 жылы Қазақстанның астанасы – Алматы қаласы болды. Алатаудың етегінде орналасқан табиғаты сұлу Алматы қаласы Қазақстан Республикасының орталығы болды.

Алматы – көне қала. Археологтардың айтуынша бұдан екі мың жыл бұрын Алматының орнында қала болған. Ежелгі заманның өзінде-ақ ол Алматы деп аталған. «Верный» аталынып келген қалаға 1921 жылы ежелгі Алматы аты қайта берілді. 1929 жылы Алматы астана болған кезде алғашқы пойыз келді.

Қаланың оңтүстігінде әлемге әйгілі «Медеу» мұз айдыны бар. Шығысында әдемі «Самал» ықшам ауданы, Көктөбе орналасқан. Батысында «Ақсай» ықшам ауданы, ал солтүстігінде I-Алматы темір жол вокзалы, солтүстік-шығысында әуежай орналасқан.

Қаланың орталығында әдемі алаңдар, кең даңғылдар, ұзын көшелер, биік ғимараттар бар. Сонымен қатар Ұлттық Ғылым Академиясы, 25 қабатты «Қазақстан» қонақ үйі, 8 театр, 16 жоғары оқу орны, Неке сарайы, Цирк, Орталық стадион, Орталық өнер мұражайы, ұлттық кітапхана бар.

Қазіргі Алматы – ғылым мен мәдениеттің, өнердің, өндірістің орталығы. Қазір Алматы бір жарым миллионнан астам көпұлтты халқы бар әсем қала.

Астана



Бәйтерек кешені



Астана

997 жылы қазанның 20 күні Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау» туралы жарлыққа қол қойды. 1998 жылы мамырдың алтысы күні Елбасының жарлығымен Ақмола қаласы Астана деп аталды. Осы жылы маусымның 10 күні тәуелсіз Қазақстанның жаңа астанасының ашылу рәсімі өтті. Аз уақыттың ішінде Астана көрікті қалаға айналды. Есіл өзенінің сол жағында ғимараттар – Ақорда, Бәйтерек кешені, Қазақ елі монументі, Келісім және Бейбітшілік сарайы, Хан шатыры және тағы басқа көп қабатты үйлер салынды.

Астана – Еуразиядағы әсем және ең жас қала. Астана – Қазақстан Республикасының саяси – әкімшілік, мәдени – экономикалық орталығы. Қазақ елі өз Отанын, Астананы өте жақсы құрметтейді, мақтанады.

Он бірінші сабақ

Қалау рай. –ғы/-гі, -қы/-кі жұрнақтары. «Келу» көмекші етістігі.

Қалау рай сөйлеушінің ниетін, тілегін білдіреді. Негізгі етістікке –ғы/-гі, -қы/-кі жұрнақтары+тәуелдік жалғау, содан кейін «келу» көмекші етістігі жалғанады. Мысалы: *Менің көрмеге барғым келеді. Менің күй тыңдағым келеді. Сенің футбол ойнағың келе ме? Сенің қазақша үйренгің келе ме? Сіздің айтқыңыз келді. Сіздің теледидар көргіңіз келе ме?*

1- жаттығу. Кестедегі етістіктерді жіктеп айтыңыз.

Есімдіктер	көрсету+келу	айту+келу	сөйлеу+келу
Менің	көрсеткім келеді.		
Сенің		айтқың келеді	
Сіздің			сөйлегіңіз келеді
Оның	көрсеткісі келеді.		
Біздің		айтқымыз келеді.	
Сендердің			сөйлегілерің келеді
Сіздердің	көрсеткілеріңіз келеді.		
Олардың		айтқылары келеді	

2-жаттығу. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- Шөлдегенде не ішкіңіз келеді?
- Қандай жемістер жегіңіз келеді?
- Базардан қандай көкөністер алғыңыз келеді?
- Қандай спорт түрімен айналысқыңыз келеді?
- Наурыз мерекесінде туыстарыңызға не сыйлағыңыз келеді?
- Қосымша қандай тіл үйренгіңіз келеді?


3-жаттығу. Көп нүктенің орнына қалау райдың тиісті жұрнақтарын қойып жазыңыз.

1. Менің аудармашы бол... келеді.
2. Менің ағамның инженер бол.... келеді.
3. Біздің қазақша еркін сөйле.... келеді.
4. Сен үлкен қалада тұр.... келе ме?
5. Сіздің ағылшынша сөйле.... келеді.
6. Оның спортсмен бол.... келеді.

Лексикалық тақырып

Температура


Ә. Назар аударыңыз.



— Қанша градус?
— +30° градус.
Ыстық болып тұр.




— Қанша градус?
— -10° (градус).
Суық болып тұр.



— Қазір неше градус?
— -25°. Аяз болып тұр.

— Қанша градус?
— +20°. Ауа райы
жақсы (жайлы) екен.



— Қанша градус?
— +10. Салқын екен.

1. Төмендегі сөз тіркестерін жазып алыңыз. Оларды пайдалана отырып бүгінгі және кешегі ауа райын сипаттап беріңіз.

Күн ашық, бұлтты, найзағай, тұман, қар, көктайғақ, күн ашылады, нөсер жаңбыр, қою бұлт;

2. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қыста ауа райы қандай болады?
2. Қыстың ең суық айы қай ай?
3. Қыстың қай айы сізге ұнайды? Не себепті?
4. Көктем айлары қандай?
5. Көктемде ауа райы қандай болады?
6. Көктемнің қайсы айын жақсы көресіз? Неге?
7. Жаз айларын атаңыз.
8. Сіз ыстықты ұнатасыз ба?
9. Жазда ауа райы қандай болады?
10. Жаздың ең ыстық айы қайсы?
11. Күз айларын атаңыз.
12. Күзде ауа райы қандай?
13. Сіз қай айда туылдыңыз?

Ауа райы

Назар аударыңыз.



Ауа райы жақсы.
Күн жарқырап шығып тұр.
Аспан көкпеңбек.



Ауа райы жаман.
Күн көрінбейді.
Аспан сұрланып тұр.



Жаңбыр жауып тұр.



Жел соғып тұр.



Күн күркіреп,
найзағай ойнап тұр.



Қар жауып тұр.

3.Картаға қарап, төмендегі сұрақтарға жауап жазыңыз.



1. Қандай қалаларда күн ашық болады?
2. Қай қалаларда суық болады?
3. Қай қалаларда ыстық болады?
4. Қай қалаларды жаңбыр жауады?

Он екінші сабақ

Сын есім жасайтын жұрнақтар. (-лы/-лі, -ды /ді, -ты/ті, -сыз /сіз, -қы/-кі, -ғы/-гі). Салыстырмалы шырай.

Сын есімдер жіктеледі.

Жекеше:	Көпше:
Мен әдемімін	Біз әдеміміз
Сен әдемісің	Сендер әдемісіңдер
Сіз әдемісіз	Сіздер әдемісіздер
Ол әдемі	Олар әдемі

Сын есімдер зат есіммен тіркескенде өзгермейді.

Мысалы:

Атау:	кең бөлме	ақылды жігіт	қара көз
Ілік :	кең бөлменің	ақылды жігіттің	қара көздің
Барыс:	кең бөлмеге	ақылды жігітке	қара көзге
Табыс:	кең бөлмені	ақылды жігітті	қара көзді
Жатыс:	кең бөлмеде	ақылды жігітте	қара көзде
Шығыс:	кең бөлмеден	ақылды жігіттен	қара көзден
Көмектес:	кең бөлмемен	ақылды жігітпен	қара көзбен

Сын есім жасайтын жұрнақтар. (-лы/-лі, -ды /ді, -ты/ті, -сыз /сіз, -қы/-кі, -ғы/-гі) Мысалы: бой-бойлы, мұрт-мұртты, ақыл-ақылды, қоңыр көз -қоңыр көзді, күш-күшті, дене-денелі, сақал-сақалсыз, көзілдірік-көзілдіріксіз дәм-дәмсіз, қыс-қысқы, кеш-кешкі, таң-таңғы, төмен-төменгі;

Салыстырмалы шырай

Салыстырмалы шырай-сын есімнің сөз өзгертуші түрі. Ол бір затты екінші затпен салыстыруда қолданылады.

Салыстырмалы шырайдың жұрнақтары: *-рақ/-рек, -ырақ/-ірек -лау/-леу, -дау/-деу, -тау/-теу*. Мысалы: кіші-кішірек, кішілеу. үлкен-үлкенірек, үлкендеу;

1-жаттығу. Төмендегі сын есімдерге салыстырмалы шырайдың жұрнақтарын қосып айтыңыз.

<i>-рақ/-рек, -ырақ/-ірек</i>	<i>лау/-леу, -дау/-деу, -тау/-теу</i>			
сүйкімді	бақытты	ақылды	батыл	жас
көңілді	қысқа	қара	ұзын	ақ
әдемі	көк	кіші	қызыл	суық

2-жаттығу. Диалогтегі көп нүктенің орнына салыстырмалы шырайдың жұрнақтарымен толықтырыңыз. Рөлге бөліп оқып, жатқа айтып беріңіз.

- Сенің бөлмең біздікінен үлкен бе?
- Иә, үлкен.....
- Сенің бөлмең менің бөлмеменен кең бе?
- Жоқ, кіші....

- Сенің бойың менікінен ұзын ба?
- Иә, ұзын.....
- Сенің киімің оныкінен қалың ба?
- Жоқ, оның киімі қалың....

3-жаттығу. Ұзын/қысқа, үлкен/кіші, қара/қоңыр, кең/тар сын есімдеріне салыстырмалы шырайдың жұрнақтарын жалғап, досыңызды сипаттап беріңіз.

Досыңыздың есімі	Бойы	Көзі	Шашы	Бөлмесі

Лексикалық тақырып

Адамның дене мүшелерін сипаттауда қолданылатын сын есімдер

- Адамның шашы: қара, қоңыр, сары, жирен, ақ; ұзын, қысқа, бұйра: қалың, жұқа;
- Адамның көзі: қара, көк, қоңыр, жасыл; үлкен, кіші;
- Адамның бойы: ұзын, орта, аласа;
- Адамның беті: дөңгелек, сопақ; ақ, қара, сары;
- Адамның мұрны: түзу, жалпақ;
- Адамның ерні: жуан, жіңішке;
- Адамның маңдайы: кең, тар;
- Адам: толық, арық; кәрі/егде, жас, орта жаста;

Менің досым

Менің досымның аты – Асқар. Ол ұзын бойлы. Оның бойы менен ұзынырақ. Қара шашты. Шашы менікінен қалыңырақ. Қоңыр көзді. Оның көзі менікінен үлкенірек. Мұрны түзу, бет әлпеті әдемі. Асқар екеуіміз бірінші сыныптан бастап бірге оқыдық. Ол өте еңбекқор, білімқұмар, ұйымдастыруды ұнатады, достарына адал, шыншыл. Асқардың талғамы өте жақсы. Ол әрқашан өзіне жарасатын киімдер киеді.

Асқардың отбасы менің отбасымнан үлкенірек. Оның ата-анасы, ата-әжесі, екі әпкесі, бір інісі бар. Асқар өзінің үлкен отбасымен бірге екі қабатты биік үйде тұрады. Мен Асқардың үйіне жиі барып тұрамын. Оның анасы өте қонақжай.

Асқар екеуміз бірігіп сабақ оқимыз, әсіресе маған математика сабағы қиындау, ал Асқар математиканы жақсы біледі. Сабағымызды оқып болған соң, аулада доп ойнаймыз. Мен Асқардай досымның болғанына қуаныштымын. Мен одан көп нәрсені үйрендім.

Кестені толтырыңыз.

Асқардың түрі	Қасиеттері	Мінезі	Талғамы	Отбасы	Сабағы

Өзіңіздің досыңыздың түрін сипаттап беріңіз.

Жұмбақтарды оқып, жауабын табыңыз!

✚ «Ти» десем тимейді,
«Тиме» десем тиеді.



✚ Көреді бәрін өзгенің
Көрмейді тек өздерін.



Он үшінші сабақ

Күшейтпелі шырай. Асырмалы шырай. Синонимдер.

Күшейтпелі шырайлар заттың сынын, сапасын, түсін күшейту мақсатында қолданылады. Күшейтпелі шырай қосарлану арқылы жасалады. Мысалы: тап-таза, қап-қара, сап-сары, жып-жылы, үп-үлкен, кіп-кішкентай, қып-қызыл, ұп-ұзын;

Менің бөлмем тап-таза. Мына алманың түсі қып-қызыл. Бүгін күн жып-жылы. Асырмалы шырайлар: өте, ең, тым, аса, аппақ; Сенің көйлегің өте әдемі. Эверест – ең биік тау. Сізбен танысқаным аса қуаныштымын. Далада аппақ қар жауды.

1-жаттығу. Диалогті оқыңыз.

- Бүгін ауа-райы қандай?
- Бүгін ауа-райы өте керемет.
- Аспанда бұлт бар ма?
- Аспан тап-таза, бұлт жоқ.

- Жел соға ма?
- Иә, жұмсақ самал жел соғып тұр.
- Кеше ауа-райы қандай болды?
- Кеше ауа-райы өте нашар болды.
- Неге?
- Қатты жел соқты. Шаң көтерілді.С одан кейін көп жаңбыр жауды.

2-жаттығу. Сұрақтарға жауап бере отырып, ауа-райы туралы диалог құрастырыңыз.

Бүгін қай күн? Ауа-райы қандай? Кеше ауа-райы қандай болды? Бүгін жел соқты ма? Сен ыстық күнді жақсы көресің бе, әлде салқын күнді ұнатасың ба? Сен желді күнді жақсы көресің бе, жаңбырлы күнді жақсы көресің бе? Сен ашық күнді жақсы көресің бе, әлде бұлтты күнді ұнатасың ба?

3-жаттығу. Кестеде берілген етістіктерді күшейтпелі шырай және асырмалы шырайға айналдырыңыз.

	таза	сары	тар	ұзын	қисық	суық	түзу	толық
Күшейтпелі шырай								
Асырмалы шырай								

Синонимдер – айтылуы, дыбысталуы басқа, мағыналары ұқсас сөздер.

Мысалы: 1. ел, халық, қауым, бұқара.

2. әдемі, сұлу, көрікті, ажарлы

3. мықты, күшті, қайратты

4. қолы ашық, жомарт, пейілі кең

5. алыс, қашық, шалғай

Лексикалық тақырып

Мінез. Адам бойындағы қасиеттер

Адам бойындағы қасиеттер: жақсы/жаман, еңбекқор/жалқау, ақкөңіл/ашуланшақ батыл/жасық, батыр/қорқақ, жомарт/сараң, мейірімді/қатал, тұйық/ашық, алғыр,пысық, момын/жуас, салмақты/сабырлы, ұстамды, ақылды/білімді, сүйкімді, мәдениетті, ұқыпты, білімді, сенімді, қайырымды, талантты, талапты, әдепті, тәрбиелі;

Мақал-мәтелдерді оқып, есте сақтаңыз!

✚ Балалы үй-базар, баласыз үй –мазар.

- ✚ **Адам қатесіз болмас, көл бақасыз болмас.**
- ✚ **«Сіз» деген әдеп, «біз» деген көмек.**
- ✚ **Тәні сұлу-сұлу емес, жаны сұлу-сұлу.**

Он төртінші сабақ
Септік жалғауларын қайталайық

Атау	Ілік	Барыс	Табыс	Жатыс	Шығыс	Көмектес
Кім?	Кімнің?	Кімге?	Кімді?	Кімде?	Кімнен?	Кіммен?
Не?	Ненің	Неге?	Нені?	Неде?	Неден?	Немен?
		Қайда?	Кімін?	Қайда?	Қайдан?	
			Несін?		Қаншадан?	
		Қаншаға?		Қаншада?		
бала	бала+ның	Бала+ға	бала+ны	бала+да	бала+дан	бала+мен
жұмыс	жұмыс+тың	жұмыс+қа	жұмыс+ты	жұмыс+та	жұмыс+тан	жұмыс+пен
ел	ел+дің	ел+ге	ел+ді	ел+де	ел+ден	ел+мен
үйі	үйі+нің	үйі+не	үйі+н	үйі+нде	үйі+нен	үйі+мен


1-жаттығу. Мәтіндегі қарамен берілген сөздердің қай септікте тұрғанын анықтаңыз.

Менің ағам күнде сағат **алты жарымда** тұрады. Он минут жаттығу жасайды. Жуынады. **Шашын** тарап, сәндейді. Сағат 7.15-те **таңғы асын** ішеді. Сағат жеті жарымда **үйден** шығады. **Жұмысы** сағат тоғызда басталады. Ағам **кешіккенді** ұнатпайды. Ол бір **фирмада** директор болып жұмыс істейді. Жұмысы кешке алтыда аяқталады. Ағам **үйге** келген соң, екеуміз **анамызға** көмектесеміз. Тамақ ішіп болған соң, **ыдыстарды** жуамыз, жинаймыз. Ағам кешке **кітап** оқиды және **әкеммен** бірге теледидар көреді. Сағат түнгі он жарымда ұйықтайды.

Лексикалық тақырып

Сөйлеу үлгісі: Өз ойын білдіру
 Меніңше,...; Менің ойымша,
 Мен келісемін/Мен келіспеймін
 Сенікі (Сіздікі) дұрыс/ Сенікі (Сіздікі) дұрыс емес
 Мүмкін/Мүмкін емес
 Сенімді/Сенімді емес

Дәрігерде



Дәрігер: Келіңіз, отырыңыз. Қай жеріңіз ауырады?

Науқас: Кейінгі кезде дұрыс ұйықтай алмаймын. Тамаққа тәбетім жоқ. Алдыңғы күннен бері басым ауырып жүр. Маған ұйықтатын және тыныштандыратын дәрі жазып беріңізші.

Дәрігер: Иә, түсіндім. Бірақ мұндайда дәріге аса үйір болмау керек. Алдымен сізді тыңдап көрейік. Киіміңізді көтеріңіз. Терең дем алыңыз.

Науқас: Жарайды.

Дәрігер: Ыстығыңыз көтеріле ме? Үйде тексеріп көрдіңіз бе?

Науқас: Иә, өлшедім.

Дәрігер: Тамағыңызды көрейін. Аузыңызды ашыңыз.

Дәрігер: Енді қан қысымыңызды өлшейік.

Дәрігер: Қан қысымыңыз қалыпты. Дегенмен қазір сізге дәрілердің рецептін жазып беремін. Дәрілерді ішіп болған соң, екі аптадан кейін маған қайтадан келуіңіз керек.

Науқас: Жарайды, рахмет.

Дәрігер: Сау болыңыз. Сауығып кетіңіз.

Он бесінші сабақ

Бұйрық рай . Мен, (пен, бен) және шылаулары.

II-жақта тұрған етістікті сөйлем бұйрық райдың бір түрі. Мысалы: *Сен сабаққа бар. Сен оған айт. Үйге кел.* Бұйрық рай формасындағы етістік бұйрық, тілек, өтініш, кеңесті білдіреді. Тек I-жақтағы етістіктің **-айын/-ейін –йын/-йін** жалғаулары қалау райдың да мағынасын білдіреді.

	Жекеше	Көпше
I-жақ	Мен бар айын .Мен кел ейін .Мұны мен ала йын .	Біз бар айық .Біз кел ейік .
II-жақ	Сен бар.Сен биле.Сен кітап оқы.	Сендер бар ыңдар .Сендер кел іңдер .

Сыпайы түрі	Сіз айтыңыз.Сіз көріңіз.Сіз жазыңыз.	Сіздер отырыңыздар.Сіздер күтіңіздер.
ІІІ-жақ	Ол айтсын.Ол берсін.Ол ойласын.	Олар барсын. Олар көрсін.

1-жаттығу. Сөйлемдерді ауыспалы осы шақтан бұйрық райға ауыстырып жазыңыз.

- | | |
|-----------------------------------|-----------------------------|
| - Бүгін кім киноға барады? | - Бүгін кім киноға барсын? |
| - Бүгін мен киноға барамын. | - Бүгін мен киноға барайын. |
| - Бүгін сен киноға барасың. | - Бүгін сен киноға бар. |
| - Бүгін сіз киноға барасыз. | -..... |
| - Бүгін ол киноға барады. | -..... |
| - Бүгін біз киноға барамыз. | -..... |
| - Бүгін сендер киноға барасыздар. | -..... |
| - Бүгін сіздер киноға барасыздар. | -..... |
| - Бүгін олар киноға барады. | -..... |

2-жаттығу. Бұйрық райдағы етістіктерді болымсыз түрде жазыңыз.

Үлгі: жу-жума

күт-күтпе

- | | |
|-----------------|------------------|
| тұрыңыз-....., | айтсын-....., |
| сөйлеңіз-....., | тазаласын-....., |
| аш-....., | алыңдар-....., |
| жап-..... | барайық-....., |

3-жаттығу. Сөйлемдегі сөздерді мағынасына қарай ажыратып жазыңыз.

Тыныс белгілерін қойыңыз.

1. Арман шетелден өз Отанын көруге асығып келеді.
2. Саяхат кезінде жолды қысқарту үшін көршіммен әңгімелесіп отырамын.
3. Жазда достарыммен бірге екі аптаға Алакөлге демалуға барамын.
4. Қазақ тілі сабағын да оқытушы бізгетүсіндіреді.

мен, (пен, бен) және шылаулары сөз бен сөзді байланыстыру үшін қолданылады.

Мысалы: Аспан мен Жер, отыз бен қырық, көк пен жасыл, қалың және жұқа, келу және кету, ұл мен қыз, Қазақстан мен Ауғанстан;


4-жаттығу. Сөздерді оқып, көп нүктенің орнына тиісті шылауларды қойып жазыңыз.

- | | |
|--------------------|-------------------|
| қала...ауыл | студент...оқытушы |
| жазу...сызу | таңертең....кешке |
| құс...аң | ана...бала |
| жұмбақ...жаңылтпаш | әке....шеше |
| тоғыз...он | күн....түн |


сіз...біз
қымыз...шұбат
теңіз...мұхит

жақсылық...жамандық
айна...тарақ
ұстаз...шәкірт

Лексикалық тақырып Мерекелер



*8-наурыз Халықаралық
аналар мерекесі*




22 наурыз-Наурыз мейрамы



*1-мамыр Қазақстан
халықтарының бірлігі күні*



6 шілде –Астана күні



30 тамыз-ҚР Ата заң күні



16 желтоқсан- Тәуелсіздік күні

1. Мереке күндерін жыл маусымына бөліп жазыңыз.

Қыс	
Көктем	
Жаз	
Күз	

2. Екеуара жұмыс. Көршіңізден сұраңыз.

1. Қай жыл мезгілінде мерекелер көп?
2. Сіздің еліңізде қандай мерекелер бар?
3. Қай мерекені ұнатасыз?
4. Мереке күндерін қалай өткізесіз?

3. Жаттығыңыз.

Сөйлеу үлгісі: Құттықтау.

Мерекенізбен!

Туған күніңмен!

Жаңа жылыңызбен!

Мен сені құттықтаймын!

Шын жүректен құттықтаймын!

Барлық арманың орындалсын!

Денсаулығың мықты, жасың ұзақ болсын!

Бақытты бол!

Он алтыншы сабақ

Шартты рай. «Бірақ», алайда» жалғаулықтары

Шартты рай - белгілі бір шарт арқылы жүзеге асатын іс-әрекетті білдіру үшін қолданылады. Етістіктің түбіріне (негізіне) –са, -се жұрнағының бір тұлғасын жалғап, одан әрі жіктеу арқылы жасалады.

Мысалы: - Бүгін киноға барамыз ба?
- Ертең жұмыстан ерте келсем, барайық.

Мен	барсам/бармасам	келсем/келмесем
Сен	барсаң/бармасаң	келсең/келмесең
Сіз	барсаңыз/бармаңыз	келсеңіз/келмесеңіз
Ол	барса/бармаса	келсе/келмесе
Біз	барсақ/бармасақ	келсек/келмесек
Сендер	барсаңдар/бармасаңдар	келсеңдер/келмесеңдер
Сіздер	барсаңыздар/бармасаңыздар	келсеңіздер/келмесеңіздер
Олар	барса/бармаса	келсе/келмесе

1-жаттығу. –са, -се жұрнақтары арқылы жасалған етістікті анықтап, теріп жазыңыз.

1. Мен оқысам. 2. Сен жазсаң. 3. Сөздікпен жұмыс істесең қазақша көп сөз білесің. 4. Теледидардан жиі-жиі қазақ тілінде хабар тындасам, тілді тез үйренемін. 5. Таңертең жолға шықсаңыз онда түсте қалаға жетесіз. 6. Демалыс күні ол келсе екеуміз саябақты аралаймыз.

«бірақ», «алайда» жалғаулықтары -айтылатын ойдың қарама-қарсы мәнде екендігін білдіру үшін қолданылады. Мысалы: Күн шығып тұр, бірақ ауа-райы салқын. Қазақ тілін аздап үйрендік, алайда жақсы сөйлей алмаймын.

2-жаттығу. Сөйлемдердегі көп нүктенің «бірақ», «алайда» жалғаулықтарын қойып жазыңыз.

Қазақша фильмдерді көргім келеді, әлі жақсы түсінбеймін. Дәрісхананың терезелері үлкен, жарық, бөлме іші суық. Мәтінде таныс емес сөздер көп болды, біз оны түсіндік. Ол телефон нөмірін неше рет қайталады, мен ұмытып қалдым. Ол қазақ тілін жақында оқи бастады, қазақша жаман сөйлемейді. Олар Алматыға жақында келді, қаланы жақсы біледі.

Лексикалық тақырып

Сөйлеу үлгісі: Риза болу. Қуаныш.

Қандай бақыт!

Қандай сәттілік!

Мен өте қуаныштымын!
Сәт сапар! Жолың болсын!
Керемет! Тамаша!
Жарайсың!

Мәтіндерді оқыңыз, тыңдаңыз. Ұлттық салт-дәстүрімізбен таныс болыңыз.

Ұлттық ойындар



көкпар тарту



алтыбақан ойыны



Асық ойыны

Қазақ халқының ұлттық ойындары: «Қыз қуу», «Көкпар тарту», «Бәйге», «Жамбы алу», «Аударыспақ», «Алтыбақан», «Тоғызұмалақ» «Асық», «тағы басқалары. Жамбы ату» ойыны мергендікке үйретеді. Осылардың ішінде ежелден келе жатқан ұлттық ойынның бірі **«Қыз қуу»**. деп аталады. Бұл ойында жігіт қызды қуып жетіп, бетінен сүюі керек. Ал егер қыз жігітті қуып жетсе, қыз жігітті қамшымен сабайтын болған.

Қазақ – халқының ұлттық ойындарының көпшілігінде табиғи заттар қолданылады. Мәселен қой малының асығы балалар ойынында пайдаланылады. **Асық ойыны** баланың жүйке жүйесін нығайтады. Дәлдікке, шыдамдылыққа, ұстамдылыққа тәрбиелейді.

Ұлттық дәстүрлер



Үйлену салты



Бесікке салу

Ұрпақ жалғастығы мен болашағына ерекше мән беретін қазақ халқы **үйлену салтына** баса көңіл бөлген. Олар ұлдарына жар болатын болашақ келінді ерте кезден ойлап отырған. Ең алдымен болашақ келіннің шықан тегі мен тәрбиесіне назар аударады. Тіпті ерте кездерде балалар дүниеге келмей жатып атастыру рәсімін жасаған. Құда түсудің, қыз айттырудың түрлі салттарын орындап отырған. Қазіргі кезде сол салттардың барлығы болмаса да, бірқатар дәстүрлері сақталынған.

Қазақтарда жеті атаға толмаған туыстар арасында қыз алысуға, неке қиюға рұқсат етілмейді.

Үйлену салтына байланысты дәстүрлер: қыз айттыру, құда түсу, күйе жігіттің қызға ұрын баруы, қыз ұзату, келін түсіру, беташар, неке қию, үйлену тойы.

Бесікке салу – нәрестені алғаш бесікке салу рәсімі. Бесікке салу тойына шақырылған қонақтар шашу, түрлі сыйлықтар, тәттілер алып келеді. Нәрестені бесікке салуды көп ұрпақ өсірген, қадірлі анаға тапсырады. Ол бесікті отпен аластайды. Баланы бесікке жатқызып, бөлейді. Бесік жыры айтылады. Бесікке салған адамға сый-сыяпат көрсетіледі. Үлкен кісілер бата береді.

Сіздің еліңіздің қандай ұлттық дәстүрлері бар? Шағын әңгіме құрастырыңыз.

Бата беру

Бата – жақсы тілек айту, риза болғандықтың белгісі. Батаның түрі көп. Олар: дастарханға бата, жолға, іс сапарға шығар алдында берілетін бата, отбасын құрған жастарға берілетін тағы-тағы басқалар.

Бата – көңіл күйді білдірудің бір түрі, тәрбие көзі.

Бата түрлері:

Қонақтың той дастарханына, немесе үй иесіне ризалық білдіріп беретін батасы.

Дастарханың мол болсын

Абыройың зор болсын

Бақ берсін, бас берсін

Өміріңе ұзақ жас берсін!

Аллаһу Акбар!

Жолға сапарға шығар алдында берілетін бата

Жортқанда жолың болсын

Жолдасың Қыдыр болсын!

Үйленген, жас отау иелеріне берілетін бата

Шаңырағың биік болсын, босағаң берік болсын!

Тапсырма. Сіз келген елде бата беру дәстүрі бар ма? Қандай түрлері айтылады? Айтып беріңіз.

Он жетінші сабақ

Антонимдер. Да (де), та(те) шылаулары.

Антоним - мағыналары бір–біріне қарама-қарсы сөздер.

Мысалы:

ҚАЛЫҢ

ЖҰҚА



КӨП



АЗ



АУЫР



ЖЕҢІЛ



БИІК

АЛАСА



АЛЫС

ЖАҚЫН



ҮЛКЕН

КІШІ



ЖУАН



ЖІҢІШКЕ



ҚЫСҚА



ҰЗЫН



Сөздікпен жұмыс.

ескі – жаңа, жақсы – жаман, кең-тар, таза-кір, лас, қиын-оңай, терең-таяз, ыстық-суық, жас-кәрі, жарық-қараңғы, қатты-жұмсақ, батыр-қорқақ, тәтті-ащы, қымбат-арзан.

1-жаттығу. Көп нүктенің орнына сөздердің қарсы мәнді сыңарларын қойып жазыңыз.

1. Менің бөлмем қараңғы емес,..... 2. Мына кітап жаңа ма? ме? 3. Алматы мен Кабулдың арасы жақын ба?.....па? 4. Дәрісхананың іші тар емес,..... 5. Өзеннің суы таяз емес, 6. Мына көйлек қысқа емес,..... 7. Анау көп қабатты үйлер аласа емес,.... 8. Кәмпит-тәтті, тұз-.....

Да (де), та(те)шылаулары өзі тіркескен сөзге әртүрлі қосымша мағына үстейді. Мысалы: Досым *да*, мен *де* Ауғанстаннан келдік. Менде қазақша сөздік бар. Сенде қазақ тілі оқулығы бар ма? Фардинде сөздік бар. Сен *де* мұражайға барасың ба? Күн бұлттанды *да*, жаңбыр жауды. Сабаққа Мұхамед Риза *да*, Латиф *те* қатысты.

Ескерту! да (де), та(те)шылаулары екі сын есімнің арасында келсе, онда ешқандай тыныс белгісі қойылмайды. Мысалы: Нурулла - ақылды да тәртіпті оқушы. Шылаулар бөлек жазылады.

Мысалы:

2-жаттығу. Мәтінді оқып, шылауларды анықтап жазыңыз.

Дәрісхана (да) оқытушылар (да) отыр. Оқытушылар (да) суреттер, қалың сөздік кітаптар бар. Жаз (да) үш ай бар. Олар: маусым, шілде, тамыз. Жадыраған жаз (да) келді. Кітапхана (да) оқу залы (да) төменгі қабатта орналасқан. Кітапхана (да) және оқу залын (да) газеттер мен неше түрлі журналдар көп.

3-жаттығу. Берілген сөйлемдерді оқыңыз. Шылауларды табыңыз.

Дастарханға нан мен шай ғана емес, тәттілер де, жемістер де қойылды. Мәликенің жауабына оқытушы да, студенттер де риза болды. Насурулла мен Наджибулла көрші тұрады. Екеуі сабаққа да бірге дайындалады, дәрісханада да бірге отырады. Бір-біріне ренжіген емес. Сабаққа да үлгерімдері жақсы. Оларды достары да, курстастары да қатты сыйлайды. Екеуінің зеректігі де, білімқұмарлығы да басқаларға үлгі.

Лексикалық тақырып

Мәтінді оқып, мазмұнын түсініңіз.

Ұлттық тағамдар

Қазақтың ұлттық тағамдары: қазы, шұжық, жал-жая, қарта, талқан, тары, бауырсақ, қуырдақ, қымыз, шұбат, айран, сүзбе, құрт, ірімшік, жент, қарын, бүрме. Ата-бабамыз малдың етін, сүтін тамақ етіп, жүні мен терісін киімге пайдаланған. Әсіресе жылқының қазы, қарта, жал-жаясы жоғары бағаланған. Сиырдың, қойдың сүтінен айран, құрт, ірімшік жасайды, бие сауып, қымызын ішеді. Түйе шұбатының емдік қасиеті мол. Тарыдан жент, бидайдан талқан жасайды.



Қымыз және шұбат



бауырсақ



бешбармақ

Сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Қазақтың қандай ұлттық тағамдары бар?
2. Олар қалай дайындалады?
3. Сіздің еліңіздің қандай ұлттық тағамдарын білесіз?

Жұмбақты шешіп, жаттап алыңыздар:

Дәмді-дәмді тағамдарды жинайды,
Қонақтарды көңілдене сыйлайды.

(Дастарқан)

Он сегізінші сабақ Омонимдер. «Кейін, шейін, дейін» шылаулары»

Омонимдер – айтылуы, жазылуы бірдей, мағынасы басқа сөздер. Мысалы: «жүз» деген сөз сөйлемде әртүрлі мағынада жұмсалады. Менің атам жүз жасқа келді. Пышақтың жүзі өткір. Мәди суда жақсы жүзеді. Әйгерімнің жүзі жарқын.

«Жақ»: Жатақхана оң жақта орналасқан. Апам пешке *от жақты*. Суретші қағазға түрлі бояу *жақты*. Жағын таянып отыр.

«Түс»: Мен түнде түс көрдім. Жапырақ жерге *түсті*. Қазақстанның туының *түсі*-көк.

«Ара»: Гүлге ара қонды. Ағам арамен ағаш кесті. Жатақхана мен факультеттің арасы жақын.

«Бет»: Кітаптың он төртінші беті. Айжанның беті ақ.

«Қара»: Қарғаның түсі қара. Ол терезеге қарады. Сиыр, жылқы - ірі қара мал.

«Бұрыш»: Базардан тәтті бұрыш сатып алды. Бөлменің бұрышында теледидар тұр.

«Кейін, шейін, дейін» шылаулары іс-әрекетке үстеме мағына беру үшін қолданылады. Мысалы: Түске *дейін* біз сабаққа дайындаламыз. Сабақтан *кейін* жатақханаға барамыз.

Лексикалық тақырып

Сөйлеу үлгісі: Келісу, мақұлдау.

Әрине

Дәл солай

Күдіксіз

Келістік

Тіптен дұрыс

Жарайды/ Мақұл/Болады

Жақсы


Ұлттық киімдер



Айырқалпақ



тон



Кимешек



камзол




Сәукеле



аң терісінен тігілген тымақ



*бөрік, шапан, орамал, қос етек көйлек,
шалбар, камзол*



шапан



бөрік

Қысы суық, жазы ыстық климатта өмір сүрген қазақ халқы киімдерін күнделікті тұрмыс пен өмір салтына, дала жағдайларына ыңғайластырып киетін болған.

Айырқалпақ - мұндай бас киім түрін ертеде хан сұлтандар киген. Айырқалпақ жұқа киізден тігіледі. Ол негізгі екі бөліктен құралады: қалпақтың төбесі мен етегі. Сәнді болу үшін барқыт матамен көмкеріліп, жібек жіппен әр түрлі ою-өрнектер салынып, әшекейленеді.

Қойдың терісінен тігілетін **тон** - қыстың суық күндеріне киетін жылы киім. Жағасына, жеңіне бағалы аң терілері салынады. Әйелдер тонының иығы, жең ұшы, өңірі мен етегі кесте жібімен әшекейленген ою-өрнектермен безендіріледі.

Кимешек - ақ матадан тігіліп, жиегі астарланған қазақ әйелдерінің бас киімі. Бет жағы ойылып, қалған бөлігі иық, кеуде, арқаны жауып тұратындай жасалынады.

Көйлектің сыртынан киетін әйелдер киімінің бірі - **камзол** деп аталады. Ол барқыт, пүліш, мақпал сияқты маталардан тігіледі. Камзолда жең, жаға болмайды. Камзолдың өңірі мен етегі зер жіптерімен өрнектелінеді.

Қазақ бас киімдерінің ішінде ұлттық ерекшелікті айқын білдіріп тұратын бас киімдердің бірі – **сәукеле**. Сәукеле – ұзатылған қыздар киетін аса қымбат бағалы және әдемі бас киім. Сәукеле қымбат маталармен қапталып, алтын, күміс, інжу, маржан, меруерт, ақық сияқты асыл тастармен безендіріліп, түрлі түсті зер жіптерімен өрнектеледі.

Тымақ – биік төбелі, маңдайы, екі құлағы, желке мен арқаны жауып тұратын артқы етегі бар ерлердің бас киімі. Оны аңның, малдың терісінен тігіледі. Суық кезде киетін бас киімдер қарапайымдау болып келеді. Бірақ бағалы терілер оларға ерекше сән беріп тұрады.

Шапан – арасына жүн, мақта салып, сырты шұға, барқыт сияқты матамен қапталған сырт киім. Оны тізеден сәл төмендеу, ал жеңін ұзындау етіп тігеді. Жағасы, өңірі, жеңі зер немесе жібек жіптермен, әсем ою-өрнектермен безендіріледі. Бұл киімді ер адамдар да, әйел адамдар да, балалар да кие береді. Қыздар мен әйел адамдарға арналған шапанның жағасы, етегі мен жеңі бағалы аң терілерімен көмкеріліп, жиектері зермен өрнектеледі. Түйме орнына асыл тастар немесе қапсырма тағылады.

Ерлер де, әйелдер де, балалар да кие беретін бас киім түрлерінің бірі – **бөрік**. Ол жұқа киізден тігіледі. Оған ешқандай өрнек, әшекей салынбайды. Себебі жиегіне салынған бағалы аңның терісі оны әдемі етіп көрсетеді. Бөрік қандай аңның терісінен жасалғанына қарай *құндыз, сусар, кәмишат, жанат, түлкі бөрік және елтірі* бөрік деп аталады.

Он тоғызыншы сабақ

Күрделі етістіктер. Көмекші етістіктер. «Үшін», «туралы» шылаулары.
Күрделі етістіктер екі түрлі жолмен жасалады.

1. Зат есімнен тұратын күрделі етістік+ көмекші етістік. Мысалы:ән салу, суретке түсу, рұқсат беру:

Күрделі етістіктер:

Зат есім+салу	Зат есім+алу	Зат есім+қалу	Зат есім+түсу
үй салу	дем алу	тірі қалу	құда түсу
сурет салу	тамақ алу	ұятқа қалу	көзге түсу
төсек салу	тіл алу	көңілі қалу	отқа түсу
ақша салу	рұқсат алу	артта қалу	жарысқа түсу

ән салу	ақша алу		суға түсу
салық салу			еске түсу
егін салу			

2.Етістіктен жасалатын күрделі етістік+көмекші етістік. Көмекші етістіктер жеке тұрғанда ешқандай лексикалық мағынасы болмауы мүмкін. Көмекші етістік түрлері: 1) *e(et)-еді, екен, емес, етті*; 2) *деу-дейді, деп, деген*; Мысалы: Біз жиналыса барып едік, бірақ жиналыс болмады. Ол мұнда еңбек еткелі үш жыл болды. Ол келемін деді.

Көмекші етістіктер: қалу, біту, шығу, кету, болу, салу, алу, түсу, қою;
Мысалы: Мен сабаққа кешігіп қалдым. Сөйлеп біттің бе? Кітапты түгел оқып шықтым. Ол басы ауырып, сабақтан сұранып кетті. Мына затты оған бере сал. Құстар жылы жаққа ұшып кетті. Дастан университетке кетіп қалды. Бөлмеде ара ұшып жүр.

1-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазыңыз. Күрделі етістіктерді анықтаңыз.

1.Менің әкем домбыра тартады, анам ән салады. 2. Менің әпкем суретті жақсы салады. 3. Бұл жерде темекі тартпайды. 4. Інім тілімді алмайды. 5. «Дұрыс дем алыңыз», - деді дәрігер. 6. Бізді әуежайда қарсы алды. 7. Мен шаршап қалдым. 8. Олар Еуропаға бет алды. 9. Бәрі саяхатқа кетіп қалды, мен бөлмеде жалғыз қалдым. 10. Биыл ол оқуға түсті.

2-жаттығу. Сұрақтарға күрделі етістіктерді пайдаланып жауап беріңіз.

1. Ата-анаңыздың тілін аласыз ба?
2. Сіз сурет сала аласыз ба?
3. Қандай спорт түрлерінен жарысқа түсіп көрдіңіз?
4. Қазақша сөйлей бастадыңыз ба?
5. Қазақстанға үйреніп қалдыңыз ба?
6. Саяхатта суретке түстіңіз бе?
7. Сен коньки тебесің бе?
8. Қазақша мыңға дейін санай аласыз ба?

«Үшін», «туралы» шылаулары атау септіктегі сөздермен тіркесіп, тіркескен сөзге үстеме мағына береді. Мысалы: «Отан үшін отқа түс, күймейсің (мақал). Оқытушы бізге Қазақстан туралы көп мәлімет айтты.

3-жаттығу. «Үшін», «туралы» шылауларын қатыстырып, бірнеше сөйлемдер құрап жазыңыз.

Лексикалық тақырып

Сөйлеу үлгісі: Келісу, мақұлдау.

Дұрыс баға беру, растау, қолдау.

Келістік

Өте жақсы пікір

Құлағым сізде

Рақмет, бәрі жақсы

Өте жақсы, рақмет

Қазақ үйі

Киіз үй – Орталық және Орта Азия халықтарының негізгі баспанасы болған. Ол – көшпенділердің тез жығып, шапшаң тігуге, яғни көшіп-қонуға арналған үйі. Киіз үйдің іші қыста жылы, жазда салқын болады. Сондықтан оны малшылар да, саяхатшылар да пайдалана алады.

Ежелгі замандарда көшпенділер төрт немесе алты доңғалақты арбаға тігілген киіз үйлерде өмір сүрген. Хандарға арналған мұндай үйлерді жылжымалы Ордалар деп атайды.


Қазақ үйді бір сағат ішінде тұрғызуға және жығуға болады. Қазақ үйлердің түрлері көп. Алты қанат, он екі қанат тағы басқа түрлері болған. «Қанат» деп киіз үйдің керегесін, дәлірек айтқанда қабырғасын айтады. Уық - кереге басы мен шаңырақты ұстастыратын ағаш. Отыз қанатқа дейінгі қазақ үйлерді тек хандар тігетін болған. Оны Алтын орда деп атаған. Оның уық, керегелері, шаңырақтарын алтындалып жасалған. Ордалардың үш-төртке дейін қосалқы үйлері болды. Ол – «Қонақ үй», «Жатын үй», «Ас үй», «Қойма үй» деп бөлінеді. Киіз үйлер артып жүруге, тігіп-жығуға өте ыңғайлы. Қатты ыстық немесе суықты, жауын-шашынды өткізбейді. Желге, жер сілкінуге берік, денсаулыққа пайдалы, қауіпсіз баспана болған.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасында киіз үйдің шаңырағы бейнеленген.

Елтаңбадағы шаңырақ бейнесі – Қазақстанды мекендейтін барлық адамдардың ортақ отбасының, ортақ үйінің белгісі.



(қазақ үйдің сырты)



(қазақ үйдің іші)

Жиыrmасыншы сабақ

Кірме сөздер. «Себебі, өйткені, сондықтан» жалғаулықтары

Кірме сөздерге әр түрлі себептермен енген сөздер жатады. Қазақ тілінде моңғол, араб, иран, орыс тілдерінен енген сөздер мол. Араб, иран сөздері қазақ тіліне тәжік, өзбек тілдері арқылы енген: *базар, айна, орамал, перде, терезе, мақта, таға* т.б. Мәдени және ғылыми қарым-қатынастар арқылы Фирдауси, Науаи, Хафиз шығармаларымен енген. Мәселен, *мектеп, медресе, емтихан, ғылым, галым, пән, қағаз, қалам, мағлұмат* т.б. Орыс тілінен енген сөздер: *кірпіш, саман, жәшік, кереует, совхоз, колхоз, сот, бәтіңке, клуб, подъезд, парк, фестиваль, автомобиль.*

1-жаттығу. Сөйлемдерді оқып, кірме сөздерді теріп жазып, есте сақтаңыз.

Мынау – ауыл. Ауыл қалаға жақын. Үйлердің көпшілігі кірпіштен салынған. Кірпіш пен саман үйлер қыста жылы, жазда салқын болады. Ауыл орталығында клуб, саябақ, мектеп орналасқан. Ауыл шетінде базар бар. Базардан керекті бұйымдарды сатып алуға болады. Сонымен қатар базардан сыйлыққа орамал, айна, сабаққа керекті қалам-қағаздар табылады. Ауыл ортасымен автомобильге арналған тас жол өтеді.

Тілде қолданудан шығып қалған сөздерді көнерген сөздер дейміз.

2-жаттығу. Сөйлемдерден көнерген сөздерді оқып мағынасын түсініңіз.

Дәстүр бойынша күйеу жігіт қалыңдығының ауылына қызыл манат шекпен киіп барады. Күйеу жігітке арналған үйде сүйек төсек, жүк сандық тұр. Жерде оюлап сырған алаша, кілем төселген. Қалыңдықтың басында сәукеле, үстінде патсайы көйлек. Бұл – күйеу жігіттің ұрын келуі деп аталады. Саптыаяқпен қымыз әкелінді. Неке қиылып, үлкендер бата берді.

3-жаттығу. Сіздің еліңізде үйлену тойына байланысты қандай дәстүр бар? Әңгімелеп беріңіз.

«Себебі, өйткені, сондықтан» жалғаулықтары айтылатын ойдың, іс-әрекеттің себебін айқындау үшін қолданылады. Мысалы: Ол емтиханда жақсы баға алды, себебі ол көп дайындалды. Насурулла сабаққа көп дайындалады, сондықтан ол қазақша жақсы сөйлейді. Ол бүгін кеш тұрды, сондықтан таңғы асын ішіп үлгермеді. Кеше ауа райы салқын болды, сондықтан біз ешқайда бармадық. Ол сабаққа кешігіп келді, себебі кеш тұрды. Мен театрға бара алмаймын, себебі қолым бос емес.

4-жаттығу. «Себебі, сондықтан» жалғаулықтарын пайдаланып, құрмалас сөйлемдер құраныз.

Үлгі: *Мен киноға бармаймын. Бұл киноны көрдім.*

Мен киноға бармаймын, себебі бұл киноны көрдім.

Асқар сабаққа келген жоқ. Ол ауырып қалды.

Біз кеше кешке дейін бөлмеде болдық. Далада жаңбыр жауды.

Мухамед Риза қазақша жақсы сөйлейді. Ол екі жыл Қазақстанда тұрды.

Менің аяғым ауырды, футбол ойнауға бармаймын.

Тамақ ішкім келеді. Таңғы асты ішіп үлгерген жоқпын.

Мен концертке бара алмаймын. Қолым бос емес.

Түнде кеш ұйықтадым. Сабаққа кешіктім.

Сізге телефон соқпадым. Телефон нөміріңізді ұмытып қалдым.

Тарихи кітаптар өте қызық, мен оларды оқығанды жақсы көремін.

Лексикалық тақырып

Сөйлеу үлгісі: Кешірім, өтініш, өкініш

Кешіріңіз

Өкінішке орай

Өкінішті, бірақ

Өтінемін

Сөйлеу үлгісі: Кеңес беру.

Байқа!

Сақтан!

Ұмытпа!

Мәтінді оқыңыз. Қазақтың ұлттық спорт түрлерін жазыңыз.

Қазақстандағы спорт түрлері

Қазір Қазақстанда спорттың барлық түрі дамыған. Олардың ішінде көптеген ұлттық ойындар да бар: бәйге, көкпар, қазақша күрес, аударыспақ, тоғызқұмалақ. Тәуелсіз Қазақстан 1994 жылы Дүниежүзілік Олимпиада комитетінің мүшесі болды. Қазақстан спортшылары әртүрлі жарыстарда өте жақсы көрсеткіштерге жетті. Ұлттық команда Наганада өткен қысқы олимпиадалық ойында 100 команда арасынан 11-орынды иеленді. Атлантада 180 команданың ішінен 26-орынға ие болды.

Сиднейде болған Олимпиада Қазақстанға көп даңқ әкелді. Бейжің Олимпиадасын да жерлестеріміз 2 алтын, 4 күміс, 6 қола медаль жеңіп алды.

Спорттың көптеген түрлерінен Қазақстанның әлемге танымал белгілі спортшылары бар. Мәселен Серік Қонақбаев бокстан, Жақсылық Үшкемпіров – күрестен Олимпиада чемпиондары. Дәулет Тұрлыханов – әлемнің екі мәрте чемпионы, балуан.

Бекзат Саттарханов – Сидней Олимпиадасының чемпионы, боксшы. Бақыт Сәрсекбаев (бокс) пен Илья Ильин (ауыр атлетика) – Бейжің және Лондон олимпиадасының чемпиондары.

2011 жылы қаңтар-ақпан айларында VII қысқы Азиада ойындары Астана мен Алматы қалаларында өтті. Оған 27 елдің спортшылары қатысты. Қазақстан 70 медальмен (32 алтын, 21 күміс, 17 қола) бірінші орынға ие болды.



Серік Қонақбаев

Қазақстанға еңбегі сіңген спорт шебері, 1979 және 1981 жылдары Еуропа жеңімпазы, 1982 жылғы Әлем біріншілігінің күміс жүлдегері, 1979, 1981 жылдары Әлем кубогының иегері, 1980 жылғы олимпиаданың бокстан күміс жүлдегері.



Дәулет Тұрлыханов

Грек-рим күресінде зор табысқа жетті. Ол — Қазақстанға еңбегі сіңген спорт шебері. КСРО-ның жеті дүркін, 1987 жылғы Еуропа, 1989 және 1987 жылғы Әлем кубогының жеңімпазы, 1988 жылғы олимпиаданың күміс жүлдегері, 1992 жылғы Олимпиаданың қола жүлдегері.

Тапсырма. Өз еліңіздегі спорт түрлері мен атақты спортшылары туралы әңгімелеңіз.

Жиырма бірінші сабақ

«Егер» сөзінің қолданылу орны.

Мысалы: Егер ертең ауа райы жақсы болса, біз саяхатқа барамыз. Егер уақытың болса, ата-анаңа хат жазуды ұмытпа. Егер ертең күн суық болса, жылы киім кию керек.

1-жаттығу. «Егер» сөзін пайдалана отырып, берілген сөйлемдерді шарт мәнді сөйлемге өзгертіңіз.

Үлгі: Жексенбіде ауа райы жақсы болады. Біз ауылға барамыз.

Егер жексенбіде ауа райы жақсы болса, біз ауылға барамыз.

Бүгін күн суық болады. Біз бассейнге бармаймыз. Ертең жаңбыр жауады. Маған қолшатыр керек. Мына сөйлемді түсінбесеңіздер. Сұраңыздар.

2-жаттығу. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

Егер менің ақшам көп болса,.....

Егер менің бос уақытым көп болса,.....

Егер қазақша, ағылшынша жақсы білсем,.....


Егер досымды ренжітіп алсам,.....
Егер мен Президент болсам,.....

Сөйлесейік.

Сіз қайдан келдіңіз? Алматыда қашаннан бері тұрасыз? Қайда және кіммен бірге тұрасыз? Алматыға неге келдіңіз? Жазда қайда және кімге барғыңыз келеді? Өткен жазда қайда болдыңыз? Сіз отбасыңызбен, достарыңызбен жиі хабарласасыз ба? Кеше кіммен сөйлестіңіз? Не туралы сөйлестіңіздер? Теледидар көргенді, радио тыңдағанды, газет оқығанды жақсы көресіз бе? Жаңалықтар тыңдағанды жақсы көресіз бе? әлде музыка тыңдағанды ұнатасыз ба? Сіздің достарыңыз көп пе? Ең жақын досыңыз бар ма? Алматы сізге ұнады ма? Қазір күз бе, жаз ба? Қыс мезгілін жақсы көресіз бе? Не үшін?

Лексикалық тақырып

Наурыз мейрамы



Мәтінді тыңдаңыз. Оқыңыз.

Наурыз – көне заманнан бері келе жатқан мейрам. Әлемдегі көптеген халықтардың дәстүрлі мерекесінің қашаннан бері тойланып келе жатқанын дәл айту қиын. Бұл мейрамды ежелгі гректер «Патрих», тәжіктер «Бәйшешек», «Гүлнаурыз», татарлар «Нардуган», армяндар «Навасарды» деп атаған. Ал, қазақтар бұл күнді «Ұлыстың ұлы күні» немесе «Ұлыс күні» деп атайды. «Наурыз» атауы парсы тілінің «ноу» – жана, «руз» – күн деген сөздерінен қалыптасқан. Наурыздың жиырма екісінде күн мен түн теңеледі. Мұның өзі ежелгі түркілер мен парсылардың ежелден-ақ астрономия ғылымын жақсы меңгергендігін білдіреді.

Наурыз айы – көктемнің алғашқы айы. Бұл кезде күн жылып, қар еріп, жылы жақтан құстар ұшып келе бастайды. Сондықтан оны жылдың алғашқы айы есебінде халық ерекше құрметтейді.

Парсы тілдес халықтар бұл күні әр жерге от жағып, отқа май құяды. Жеті ақ кесемен «сумалак» деп аталатын дәстүрлі ұлттық тағамды ұсынады. Үйдің қабырғасына күннің белгісі ретінде дөңгелек ою салып, бір-біріне гүл шоқтарын сыйлайды.

Қазақтар мейрамды көрісуден (амандасу) бастайды. Ер кісілер қос қолдасып, төс қағыстырады, ал әйел адамдар бір-бірімен құшақтасады. Бұл «өмір тірегім, тіршілік-екі қолым аман болсын» деген ойды білдіреді. Ең бастысы, бұл күні ет, сүт тағамдары, тұз және бидай, тары, жүгері, күріш сияқты жеті түрлі дәмнен қазан толы көже жасалады. Наурыз көжені тойып ішу «жыл бойы тоқшылық, береке болсын» деген ұғымды білдіреді.

Тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.

- «Наурыз» атауы нені білдіреді?
- «Наурыз» мейрамын басқа халықтар қалай тойлайды?
- «Наурыз» мейрамын парсы тілдес халықтар қалай тойлайды?
- Қазақ халқы Ұлыстың ұлы күнін қалай атап өтеді?

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫСӨЗ.....	3
1-сабақ.....	4
2- сабақ.....	7
3- сабақ.....	10
4- сабақ.....	13
5- сабақ.....	16
6- сабақ.....	20
7- сабақ.....	21
8- сабақ.....	25
9- сабақ.....	28
10- сабақ.....	31
11- сабақ.....	35
12- сабақ.....	38
13- сабақ.....	41
14- сабақ.....	43
15- сабақ.....	44
16- сабақ.....	47
17- сабақ.....	51
18- сабақ.....	54
19- сабақ.....	58
20- сабақ.....	60
21- сабақ.....	63